# Арқа ажары

◆ Адам - Заман тұтқасы

Ақмола облысының халықтық қоғамдық-саяси газеті

1917 жылдың шілде айынан бастап шығады. №144 (15263) 14 ЖЕЛТОҚСАН, СЕЙСЕНБІ, 1999 ЖЫЛ Еркін бағамен сатылады

# Елдігіміз бен Ел мүддесінің туы

## Республикалық "Егемен Қазақстан" газетінің бас редакторы Ержұман СМАЙЫЛДЫҢ "Арқа ажарының" оқырмандарына арналған мерекелік сұхбаты



***Шұбәланбаңыздар**, баспасөзді тіршілігінің мәдени, рухани құралы етіп, оның өзіндік дәстүрін қалыптастырған елге біз де - Еуразия кіндігіндегі Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті де жатамыз...*

***Оның көптеген төл басылымдарының тарихи, тағдырлы, идея, мазмұн-мағына тұрғысынан бай шежіресі бар. Солардың ішінде халық құрметпен атайтын Ел газеті - "Егемен Қазақстанның" үстіміздегі ғасыр аясынан алар орны айрықша. Өйткені Ол сонау бастауында заман талабының қандай "Ұшқыны" халық жүрегінде алау болып тұтанатынын тап басты. Ұлттың ежелгі еркіндік аңсаған Ел болу мұратын төңкерісшіл жаңа дәуір орнықтыра ма деп үміттенді. Сол үшін күресті! Күрмелді... Түледі... Түрленді...***

***Тауқыметті тарихтың не бір бұралаң жолдары кезіккенімен, қазақ жұртының, қазақ елінің, қазақ мемлекетінің соңғы ондаған жылдар бойғы тағдыр-тынысын паш етуде 80 жылдық тарихы бар шежірелі басылым өз міндетін ел алдында атқарудай атқарды, атқарып та келеді. Оның тұсалған шағы, мұқалған кезі болса болған-ақ шығар, бірақ бұл төл басылымның дәстүрлі үрдістен тайып, ұлттық мұраттан, ілгерішіл үміттен жаңылып, ұзақ мүдірген кезін біз әсте елестете алмаймыз. Өйткені, демократиялық қазақ баспасөзі алғаш шыр етіп дүниеге келген ана ғасырдың өзінде туған халқымыздың жоғын жоқтап, мұңын мұңдауды ұлы мұрат санап, арымызға анттай аманат етіп еншілеген-ді.***

***Осы үрдіс бүгінгі таңда "Егемен Қазақстанның" ең айбарлы да абыройлы, тұғырлы тегеурінін танытады деп білеміз.***

***Сонымен, тікелей әңгімеге көшелік. Сұхбатты журналист Жомарт ӘБДІХАЛЫҚ жүргізеді.***

**- Ереке, Астаналық облыс оқырмандары "Егемен Қазақстанмен" қаншалықты етене таныс десек те, оның бастау кезеңін, алғаш шығарушыларын, соған қатысты кейбір жай-жапсарды біле түскісі келетіні анық. Осы ретте?..**

- Бұл ретте біз 1919 жылы 17 желтоқсанда алғашқы нөмірі жарық көрген "Ұшқынды" бүгінгі газеттің бастауы деп танимыз. Ал, оның шығарушылары әр тұстағы белгілі, көрнекті адамдар болды ғой...

**- Кейбіреулер, білместіктен болар, олардың біразына күмән келтіретін сыңайлы?**

- Келтіре берсін, шындықтан асып қайда барады. Құр жалған емексу дерек болмайды. Соңғы зерттеулер "Егемен Қазақстанның" бастауы болған "Ұшқын", "Еңбек туы", тіпті "Еңбекші қазақтың" өзі туралы тың, бұлтартпайтын мағлұматтармен байытып отыр. Бұл, әсіресе, газеттің сол кездегі басшысы, жетекшілері (редакторлары) кім болды, оның шығарушылары қандай адамдар еді деген мәселеге қатысты құжаттар.

...Айтайық, Смағұл Садуақасов деген қандай кісі!?. Сәкен Сейфуллин дегендер қандай!.. Мен бұларды ғана бөліп айтып отырғаным: бас редакторлардың ішінде Тұрар Рысқұлов, Ораз Исаев, Ораз Жандосов болған.

**(Соңы 3-бетте).**

